

Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ

15.09.2023 жыл
Сағ: 15.00

№7

Бейнеу ауылы

Өткізілген жері: Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы.

Қатысқандар: Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Джаулыев, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Қалдығараев, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиев, аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Р.Тайшыбаев, аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Кенешов, аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Ж.Айтжанов, мемлекеттік мекеме, кәсіпорын басшылары.

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің 10 (он) мүшесі қатысып отыр. Қалған 5 (бес) мүшесі белгілі себептермен қатыса алмай отыр. Қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны отырысты ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан отырыс ашылсын деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса отырысты ашық деп жариялаймын.

Отырыстың күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып отыр:

1. Аудандық білім бөлімінің өткен жылғы қорытындылары мен жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы нәтижесін тыңдау.
2. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің ауданның қысқы жылыту маусымына дайындығының қорытындысын тыңдау.
3. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының қысқы жылыту маусымына дайындығының қорытындысын тыңдау.
4. Аудандық құрылыс бөлімінің 2023 жылдың I - ші жарты жылдығында атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысын тыңдау.
5. Аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің 2023 жылдың I - ші жарты жылдығында атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысын тыңдау.
6. Аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімінің 2023 жылдың I - ші жарты жылдығында атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысын тыңдау.

Күн тәртібіндегі мәселелерге қосып алатындарыңыз бар ма?

Жоқ болса, күн тәртібі бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеміз.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Джаулыевке сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Сұрақ: Қоғамдық кеңес төрағасы Т.Амалбаев: «Жайлы мектеп» ұлттық пилоттық жобасы аясында салынатын Сам мектеп-балабақша кешені құрылысының аяқталу уақыты?

Жауап: Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Джаулыев: Сам мектеп-балабақша кешені құрылысы 2024 жылы аяқталып, қыркүйекте пайдалануға беріледі.

Сұрақ: Қоғамдық кеңес төрағасы Т.Амалбаев: Қазіргі уақытта үш ауысымда оқыйтын мектептер бар ма?

Жауап: Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Джаулыев: Қазіргі уақытта үш ауысымда Абай орта мектебінде оқыйды. Себебі орыс мектебі болғасын сұраныс бар.

Сұрақ: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Сембіғалиев: Қазіргі уақытта құрылыс, жылу жұмыстары жүріп жатқан мектептер бар ма? Абай мектебінің қазандығы не болды?

Жауап: Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Джаулыев: Барлық мектептерге жылу қазандықтары келді. Абай мектебіне қаржы бөлінді. Қыста мәселе болмайды. Жылу маусымына дейін дайын боламыз.

Сұрақ: Қоғамдық кеңес мүшесі Ж.Асабаев: Бастауыш мектептерде тамақтану қарастырылған ба? Балалардың дұрыс тамақтануын қадағалайсыздар ма?

Жауап: Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Джаулыев: Барлық мектептерде бар. Тиісті деңгейде жұмыс жасайтын арнайы мониторингтік топтың мүшелері бар.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Сембіғалиев: Мектептерден шыққан материалдарды мүжәлсіз отбасыларға беруді ұсынамын.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Джаулыевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Джаулыевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Қалдығараевқа сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Сұрақ: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Қалданов: Ауданымыздағы білім беру нысандары, денсаулық сақтау ұйымдары тағы да басқа нысандар алдағы жылыту маусымына дайынба?

Жауап: аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Қалдығараев: Ия, аудандағы барлық нысандар жылыту маусымына дайын.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Қалдығараевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Қалдығараевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Р.Тайшыбаевқа сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Сұрақ: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Бораш: Сарғаның қазіргі жағдайын әлеуметтік желілерге жарылауға ақпарат бере аласыздарма?

Жауап: аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Р.Тайшыбаев: Біз жариялай алмаймыз. Қазіргі жағдайы жарамсыз. Бір жүйеге түскесін жариялаймын.

Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Сембіғалиев: Мүмкіндік болса ауданға жаңа ғимараттар салуды ұсынамын.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Р.Тайшыбаевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Р.Тайшыбаевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Кенешовке сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Кенешовтың

атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Кенешовтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Ж.Айтжановқа сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Сұрақ: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Бораи: Қазір аудандағы көліктерге газ тапшылығы болып отыр. Бейнеуге тиесілі газдың лимитін нақты қалай бақылаймыз?

Жауап: аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Ж.Айтжанов: Бізде күнделікті мамандар бақылауға алып отыр.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Ж.Айтжановтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Ж.Айтжановтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша , «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиевке сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

Баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, , «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

Жақтағандар: 11 (он бір) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).

Олай болса, , «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Қарар қабылданды:

Құрметті отырысқа қатысушылар, Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді толықтай қарап келесідей қарар етеді:


1. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 – бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Ш.Джаулыевке, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы С.Қалдығараевқа, аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Р.Тайшыбаевқа, аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Қ.Кенешовке, аудандық кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы Ж.Айтжановқа, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ МӨФ Бейнеу аудандық газ шаруашылығының директоры Б.Бисенғалиевке қанағаттандыруарлық деген бағалар берілсін.

2. Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан түскен ұсыныстар қаперге алынсын.

3. Ұсыныстардың орындалысы туралы ақпарат 15 күн ішінде Қоғамдық кеңеске жазбаша түрде жолдансын.

4. Хаттаманы жолдау Қоғамдық кеңестің хатшысы Қ.Бортановаға жүктелсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Т.Амалбаев

Қоғамдық кеңес хатшысы



Қ.Бортанова